

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтика Академиясы
Гигиена – 2 кафедрасы

**Тақырыбы: Ірі қалаларда жалпы қалалық маңызы бар
нысандарды орналастыру ерекшеліктері**

Орындаған: Өмірхан Г
Тобы: 407 «А» ҚДС
Тексерген: Сламбекова П.А.

Шымкент – 2016 жыл

Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Жаңа құрылыс аймағын таңдау
2. Қала құрылысының маңызды қағидасы
3. Қала орталығына қойылатын талаптар
4. Мәдени тұрмыстық мекемелер жүйесі, олардың қала жоспарында орналасуы

III. Қорытынды

IV. Пайдаланған әдебиеттер тізімі



Қалалар мен елді мекендер құрылысында халықтың материалдық және рухани қажеттілігін қанағаттандыру үшін, барлық халық үшін тең гигиеналық жағдайды жасау үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылады.

ЕЛДІ МЕКЕНГЕ ЖЕР ТАҢДАУ

Жаңа құрылыс аймағын таңдау немесе бұрыннан бар елді мекеннің аймағын кеңейтудің гигиеналық маңызы халықтың өмірі мен санитарлық жағдайын жақсартуға жетумен анықталады. Елді мекенге бөлінген жер аймағына қойылатын гигиеналық талаптар:

- Аймақ деген өзендер, көлдер тасығанда су кетпейтін және жаңбыр суларымен батпақтанбайтын болуы керек. Топырағы ластанбаған, құрғақ және жерасты сулары төмен орналасқан болуы керек.

- Топырақ таңдауда келесі жағдайларды басшылыққа алу керек: тасты және құмды топырақтар күндіз қатты қызады, ал түнде тез суынып, жергілікті жердің микроклиматына әсер етеді.
- Ыстық кезеңде топырақтың өсімдік жамылғысы температураны төмендетіп, ылғалдылықтың жоғарылауына әкеліп соғады.
- Құрылыс үшін жер рельефі ыңғайлы және канализация құрылысы мен жаңбыр суларының ағып кетуі үшін көлбеулігі (1 – ден 6 гр. дейін) жеткілікті болуы керек.

- Халық денсаулығы үшін су факторының маңызы зор, сондықтан аймақты таңдаған кезде оған көп көңіл бөлу керек.
- Елді мекенге аймақты жергілікті жердің жел раушаны есебімен таңдайды, ластану көздері елді мекеннің ық жағында қалуы тиіс.
- Табиғи жасыл желектер желдерді әлсіретіп, таза ауаның нағыз резервуары болып табылады, сонымен қатар микроклиматты жақсартып халықтың демалыс орны қызметін атқарады, сондықтан елді мекен үшін жер таңдағанда осы табиғи факторларды қолдану қажет.

Қала құрылысының маңызды қағидасы – қаланың территориясын қызметіне байланысты аймақтарға бөлу. Бұл халықтың өмірі мен тұрмысы үшін, оның өндірісті іс - әрекеті үшін, демалысын ұйымдастыру мен транспорттық байланысқа қолайлы жағдай жасау үшін неғұрлым қолайлы мүмкіндіктер туғызады.

Қазіргі қала құрылысы тәжірибесінде қала аймағын негізгі 6 аймаққа бөлу белгіленген:

- Тұрғын аймақ (селитебный)
- Өнеркәсіптік
- Коммуналдық – қоймалық
- Сыртқы транспорт
- Халықтың демалыс орны
- Қала маңы аймағы

ҚАЛА МАҢЫ ЖӘНЕ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК АЙМАҒЫ

Ірі қала құрамына қала маңы аймағы да кіреді. Бұл аймақ ірі жасыл – желек массивтерінен және ірі су қоймаларынан құралады және халықты сауықтандыру мен демалыс үшін қолданылады. Бұл жерлерде пионер лагерлері, демалыс үйлері саяжай поселкелері орналасады. Бұл аймақта емдеу – профилактикалық мекемелердің орналасуымен қатар қаланы шаруашылық қызметпен, ал халықты сүт өнімдерімен, жеміс – жидектермен қанағаттандыру үшін әртүрлі шаралар іске асырылады.

ТҰРҒЫН АЙМАҚ

Қала территориясының ең маңызды бөлігі, өйткені осы аймақта тұрғын үйлер, қоғамдық мақсаттағы ғимараттар, сауда орталықтары, көшелер, алаңдар, спорт комплекстері мен стадиондар орналасқан. Тұрғын аймақтың негізгі құрылымдық элементі болып бірнеше ондаған мың халқы бар тұрғын аудандар қызмет етеді.

50 мыңға дейін халқы бар шағын қалаларда барлық тұрғын аймақ бір ауданнан құрылса, 100 мыңға дейін халқы бар орташа қалаларда – тұрғын аймақ 2 – 3 тұрғын ауданнан құралады. Үлкен және ірі қалалар әдетте әрбіреуі бірнеше тұрғын аудандардан құралатын қалалық аудандарға бөлінеді.

Тұрғын ауданның орталығы жаяу адамдар үшін 800 м радиуста орналасуға тиіс.

Қала орталығы мына талаптарға сай болуы керек:

- - орталықтардың халықтың қолдануына ыңғайлылығы
- - архитектуралық жағынан көрнекті болуы
- - жоғары көркемдеу

МӘДЕНИ ТҰРМЫСТЫҚ МЕКЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІ, ОЛАРДЫҢ ҚАЛА ЖОСПАРЫНДА ОРНАЛАСУЫ

Советтік қала құрылысының маңызды жетістіктерінің бірі тұрғын құрылыспен қатар халықтың мәдени және тұрмыстық мұқтажына қажет мекемелер жүйелерінің салынуы. Бұндай мекемеге жатады:

- бала – бақшалары
- оқу орындары
- денсаулық сақтау мекемелері
- қарттарға арналған интернат үйлері
- мәдени – ағарту мекемелері
- қоғамдық тамақтану, сауда және тұрмыстық қызмет көрсету орындары
- жаппай демалыс мекемелері
- дене шынықтыру және спорттық мекемелер
- коммуналды кәсіпорындар
- әкімшілік, қоғамдық мекемелер және шаруашылық ұйымдар

Бұл мекемелердің іс - әрекеті тікелей немесе жанама түрде қоғамдық денсаулықпен байланысты.

Тұрғын аудандар шегінде барлық мекемелер 3 категорияға бөлінеді:

- алғашқы қызмет көрсету;
- күнделікті;
- жүйелі қолдануға арналған.



Алғашқы қызмет көрсету 1500 – 3000 халқы бар тұрғын үйлер тобына жатады: бұған балабақшалар, асханалар, тұрмыстық қызмет көрсететін қабылдау пункттері жатады. Оларға дейінгі қашықтық 300 метрден аспауы керек.



Күнделікті пайдалану мекемелері тұрғын ауданға тұтас қызмет көрсетеді: өндірістік білім беретін политехникалық мектептер (8 – 10 сыныптар), ауруханалар, стадиондар, ресторандар, фабрикалар, ірі магазиндер мен сауда орталықтары, тұрмыстық қызмет көрсететін кәсіпорындар, клубтар, бейнетеатрлар, кітапханалар. Радиусы 1 – 1,5 км – ге дейін.

Қорытынды

Қазіргі қалаларда жеке тұрғын бөлігінің жоспарлануы мен құрылысы біршама сақталса да соңғы 170 – 200 жылда күрделі әдістерге ұшыраған.

Өндірістік кәсіпорындардың құрылысымен бірге жаңа алаңдарда сол уақытта ескі қалалар құрылысынан ерекшеленген «әлеуметтік қалалар» деп аталған жаңа тұрғын аудандар құрылды. Бұл аудандар жоспарының негізінде коллектив рухына, халықтың өмір жағдайының талабына сай тұрғын кварталдар алынған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Шабдарбаева М.С., Омаров С.Қ., Коммуналдық гигиенасы. Алматы: ЖШС “Эверо”-2011 жыл.
2. Неменко Б.А., Коммуналды гигиена. Алматы: ЖШС “Ақнұр”-2013 жыл.
3. Накопление отходов производства и потребления. Проблемы и пути решения. – Информационный листок Министерства окружающей среды РК.
4. Румянцев Г.И. Гигиена.- М., Медицина, 2006
5. <http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:vx6FMFGK5C0J:ftp://ftp01.kgmu.kz/MPD/3%2520kurs/OG/%25EA%25E0z/lec/6.doc+&cd=5&hl=ru&ct=clnk&gl=kz>